

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 127 (9189)

1953 жылғы 27 июнь Сенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 34 жыл

ЕГІН ЖЫЙНАУДЫ ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛІКПЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

Егін жыйнау ауылшаруашылық жылы ішіндегі аса жауапты науқан болып табылады. Егін жыйнауды дер кезінде және ысырапсыз өткізу, әрбір колхоз бен совхоздың астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын толық және асыра орындауына жетісу — аса маңызды міндет. Мұның өзі бесінші бесжылдықтың жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыру, Советтік мемлекетіміздің экономикалық қуатын күшейту және еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқатын барған сайын жақсарту беру жолындағы күресте зор роль атқарады.

Қазіргі уақытта біздің ауыл шаруашылығымыз егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде атқаруға мүмкіншілік беретін дәрежеде отандық техникамен жабдықталған. МТС-тер мен совхоздардың комбайн паркі жыл сайын қуатты жаңа машиналармен толықтырылады. Бұл — әрине, партия мен үкметіміздің үнемі қамқорлық жасауының нәтижесі.

Машина паркінің үздіксіз және жоғары өнімді жұмыс істеуі — егін орағы мен астық дайындаудың табысты болуының кепілі. Олай болса, МТС-тер мен совхоздар комбайн паркін жаңа егінді жыйнауға дер кезінде, сапалы әзірлеуге міндетті.

Рас, облысымыздың бірқатар МТС-терінің басшылары мен механизаторлары егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының бүкіл мемлекеттік маңыздылығын жете түсініп, бұл науқанға әзірлікті едәуір дәрежеде жақсы жүргізіп келеді. Мұндай станциялардың қатарына Преснов, Булаев МТС-терін қосуға болады. Аталған машина-трактор станциялары механизаторларының арасында жөндеу жұмыстарының тағайындалған тапсырмаларын қалтқысыз орындау, жұмыстың сапалы көрсеткіштерін барған сайын жақсарту түсу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілген. Әрбір механизатор өз ісіне зор жауапкершілікпен қарап, міндеттемесіне сай жұмыс істеуге жетісуі.

Алайда, облысымызда комбайн паркін егін жыйнау жұмыстарына әзірлеу ісінде өте-өте артта қалып отырған МТС-тер мен совхоздар көптеп кездеседі. Олардың

тресінің совхоздары да елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Кейбір совхоздарда күні осы уақытқа дейін комбайндарды жөндеу мықтап қолға да алынған жоқ.

Егін орағы маусымды жұмыс екені мәлім. Оны үлгілі өткізу үшін егін жыйнайтын машиналарды әзірлеу ісінде най-қалушылыққа жол беруге болмайды. Егін жыйнайтын агрегаттарда көптеген ақауларға жол берілуі, астықты ысырапсыз және кезінде жыйнау жөніндегі міндеттерді орындауға үлкен нұқсан келтіргені өткен жылдардың тәжірибесінен айқын көрінді. Быйылғы жылы мұндай кемшіліктерді батыл жою қажет. Әресе, инженерлер мен механиктер жөндеу жұмыстары кезінде озат технологияның қатаң сақталуын, әрбір операцияның сапалы орындалуын бақылап отыруға тиіс.

Өздерінің үздік еңбегімен көзге түсіп жүрген озат комбайншылар облысымызда аз емес. Мәселен, Преснов МТС-нің озат комбайншылары Савинков, Ахметов, Ермаков жолдастар ішкі қорларды толық пайдалану, станок жабдықтарының өнімділігін арттыру жолындағы жарыстың инициаторлары болып отыр. Бірақ, көптеген МТС-терде өз іштеріндегі осындай таңдаулылардың тәжірибелерін тарату ісіне жете мән берілмей келеді.

Қолда бар техниканы егін орағына дайындау жұмысының барысында озат комбайншылардың іс тәжірибелерін кеңінен таратып отыру қажет. Сонымен қатар, жөндеуші механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік операцияларды сапалы атқару жолындағы игілікті бастамаларын кезінде қолдап отыру негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Егін жыйнайтын ауылшаруашылық машиналар мен комбайн паркін неғұрлым тез жөндеуден өткізу үшін МТС-тер мен совхоздардың қосымша бөлшектермен қамтамасыз етілуі қажет. Бірақ, бұл істе облыстық ауылшаруашылық басқармасының, облыстық ауыл шаруашылығын жабдықтау мекемесінің және Мамлют жөндеу-механикалық заводының басшылары төзгісіз жайбарақаттыққа салынып келеді. Көптеген МТС-тер мен совхоздар-

ЕГІН ОРАҒЫНА ӘЗІРЛІК

Облыс МТС-терінде комбайн жөндеудің барысы

1953 жылғы 25 июньдегі мәлімет бойынша

МТС-тер	Жоспардың орындалу проценти
Булаев	61,9
Преснов	56,4
Ленин атындағы	55,5
Налобин	55,5
Образцовая	52,5
Шағлы	52,3
Торангүл	51,5
Чанаев атындағы	50,9
Вильямс атындағы	47,4
Куйбышев атындағы	47,2
Нуркин атындағы	47,0
Полудень	46,7
Суворов	45,4
Асанов	45,1
Чистяк	43,9
Баян	42,8
Тимирязев атындағы	41,6
Ворошилов атындағы	38,0
Николаевка	35,7
Ново-Георгиевка	35,0
Семиполка	34,2
Ильич атындағы	34,2
Приешім	33,9
Калинин атындағы	33,3
Совет	32,5
Петропавл	32,4
Майбалық	32,1
Соколов	31,8
Интернационал	31,1
Коновалов	30,3
Сартомар	29,6
МТС-тер бойынша барлығы	42,7

Механизаторлар қажырлы еңбек етуде

Біздің МТС-тің механизаторлары комбайндарды жөндеуді быйыл ерте қолға алып, оны ұйымшылдықпен бастады.

Комбайн жөндеуде Бобченко, Шиполов жолдастар басқарған торапта жұмыс істейтін механизаторлар жөндеу жұмысы

Облыс ауыл шаруашылығының еңбекшілері! Алдағы егін жыйнау науқанына комбайндар мен ауылшаруашылық машиналарының үлгілі әзірленуін қамтамасыз етейік. Сөйтіп, егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының қысқа мерзімде өткізілуіне молық жағдай туғызайық!

ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ЖАҢА, ЖЫЛЫ ҚОРАЛАР КЕРЕК

Мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары кешеуілдетіліп отыр

Булаев ауданының колхоздарында үстіміздегі жылы қоғамдық малдың саны төл есебінен едәуір көбейтуге тиіс. Қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі шығару мүддесі жемшөптің берік қорын жасаумен бірге, жылы, жарық қораларды да мезгілінде және жеткілікті дайындауды қажет етеді. Быйыл ауданда жаңадан бірнеше мал қоралары салынуға, бұрынғы қоралар жөндеуден өтуге тиіс еді. Бірақ, мал қораларын салу және жөндеу жұмыстары ауданда бұл күндері кенже қалып отыр. Колхоздардың көпшілігі мал шаруашылығындағы бұл сыяқты маңызды жұмысқа әлі кіріскен жоқ.

Ленин атындағы колхоз — аудандағы малды колхоздардың бірі. Мұнда быйылғы жылдың өзінде ірі қара мал саны 239 бас, қой саны 785 бас көбейтіледі. Осыған байланысты колхозда үстіміздегі жылы мал қораларын салу, бұрынғыларын жөндеу жұмыстары кеңінен жүргізілмеуі еді. Жаңадан сыйыр қорасы, қой қорасы, төл үйі, күс орны салынбақ. Алайда, колхоз председателі Акмалышев жолдастың кінәсінен колхозда мал қораларын салу, ескі қораларды жөндеу жұмыстары әлі күнге қолға алынбай, кейінге қалдырылып келеді.

Быйыл мұнда жаңадан бірнеше мал қоралары салынады дедік. Ол үшін көптеген құрылыс материалдары керек. Бірақ, ол материалдар әлі күнге дайындалып алынбаған. Мұндай материалдардың бірқатары аудан орталығында бар. Ама! не, колхоз басшылары құрылыс материалдарын мол дайындап, мал қораларын салуды және жөндеуді қызу жүргізуді ойластырмайды.

«Страна Советов» ауылшаруашылық артелінде 200 сыйыр, 300 шошқа 500 қой сыйтын қоралар және 1000 тауыққа арналған орын салу жоспарланған бола-

Мал қораларын салу, жөндеу ісі Қара Маркс атындағы колхозда да кенже қалған. Бұған колхоз басқармасы, оның председателі Плеушаев жолдастың өзі тікелей кінәлі. Ол жұмыстың мұндай маңызды участогіне күш-мүмкіншілікті жеткілікті бөліп, оны тыңғылықты жүргізуді ұйымдастырудың орнына «жаз болса жаңа шықты, қора салып, жөндеуге уақыт жетеді. Бұл жұмысты кәзір жүргізуге мүмкіншілігіміз болмай жатыр. Қысқа дейін әлде неше қора салып, жөндеуге болады. Мұның ешбір асығысы жоқ» деген теріс пікірдің шырмауында қалып, мал қораларын салу, жөндеу ісін екінші кезекке қалдырумен келеді.

Ауданда мал қораларын салу, жөндеу ісінің қанағаттанғысыз жүргізілуіне аудандық ауылшаруашылық бөлімі тікелей кінәлі деуіміз керек. Бөлімнің өзі колхоздарда мал қораларын салу, жөндеу жөнінде ешқандай нақтылы шаралар белгілемей отыр. Ол құрылыс жұмыстарын осы күннен қолға алып, ойдағыдай жүргізуді, бұл үшін тұрақты құрылыс бригадасын құруды колхоз басқармаларына тіпті талап етпейді. Құрылыс материалдарын дайындау, оны колхоздарға жеткізіп пайдалану жөнінде ешқандай көмек көрсетпейді.

Быйыл мал қораларын салу және оның ескілерін жөндеу үшін колхоздарға мыңдаған сом ақшадай қаржы бөлінді. Мал қораларын салу, жөндеу жөнінде қамқорлықтың жоқтығынан, бұл жұмыстың мезгілінде басталмай, кейінге қалдырылуы салдарынан бұл қаржының пайдаланылуы мүлде нашар. Құрылыс жұмыстарына бөлінген қаржы, әресе, «Страна Советов», «Новый путь», Ленин атындағы, Стаханов атындағы колхоздарда қанағаттанғысыз пайдаланылып келеді. Ал, құр-

Жемшөп мол дайындалсын!

Озат Бригадада

Ақтөбеліктердің үндеуіне сәйкес Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының пішеншілері қоғамдық мал шаруашылығы үшін құнарлы жемшөптің мол және тұрақты қорын жасау мақсатымен шөп шабуға социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, өздері алған көтеріңкі міндеттемелерін іспен тыянақтауда.

Колхозда, әресе, № 3 өндіріс бригадасының (бригадирі Қалиев жолдас) мүшелері зор белсенділік көрсетуде. Бригадада пішен шабуға және жыйнауға қажетті құрал-саймандардың барлығы дерлік жұмысқа қосылған. Сондай-ақ, бригада мүшелері де жұмыс уақытын тиімді пайдалануда.

Мал азығының берік қорын жасау күресінде бригададағы машинистер ерекше көзге түсуде. Олар шөп шабуға сменалық норманы асыра орындауды күнбе-күні дағдылы ісіне айналдырған. Солардың бірі — Оубөкіров жолдас. Ол өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасында жұмыс істейді. Сәлемә сайын норманы 130—135 процент орындайды. Науқан басынан бері ол өзі жүргізетін шөп машинасымен 475 гектар жердің шөбін шабуға жетісті. Сол сыяқты, М. Қалиев жолдас та ат шөп машинасымен әр сменада норманы 110—115 проценттен орындауға жетісін жүр.

Машинистердің өнімді еңбегіне маялаушылардың қыймылы сай. Маялаушылар да шөп шабу мен жыйнаудың, маяға салудың арасында алшақтықты болдырмау үшін күресуде. Бұлардың ішінде Бекқожина, Исақова, Есжанова сыяқты жолдастар өнімді еңбек етуде. Олар күндік тапсырманы үнемі 140—150 проценттен орындап жүр. Қазір бригада жемшөп дайындау жөніндегі жоспардың жартысына жуығын орындады.

Бригада мүшелері келешекте қазіргіден де өнімді еңбек етіп, зор табысқа ие болады. Оған күмән жоқ.

С. ҚАЗАНБАЕВ,
Ленин ауданы, «Бұлақ» колхозы.

Ақтөбеліктерге ұзақ

...жыйнау мен астық д...
 йындаудың маңыздылығын жете түсін-
 бейді деуге болмайды. Бірақ, бұл істе
 олар төзгісіз жауапсыздыққа жол береді.
 Мәселен, Бонвалов МТС-інде (директоры
 Ларионов жолдас) әлі күнге дейін бүкіл
 комбайн паркінің 30,3 проценті ғана
 жөндеген. Ал, шынында бұл МТС-тің
 басшылары өткен жылдарда кездескен
 кемшіліктерден тиісті қорытынды шыға-
 руға тиіс еді. Өйткені, МТС егін орағын
 жыл сайын нашар әзірлікпен қарсы алып
 келеді. Жасыратыны жоқ, быйылғы жы-
 лы да аталған МТС-тің басшылары істің
 жайын науқаншылықпен түзегісі келе-
 тін көрінеді. Бұған МТС-тің комбайн жөн-
 деу жөнінде бүкіл облыс бойынша әлі
 күнге дейін ең артта қалып келе жат-
 қандығы айқын дәлел бола алады.

Мұндай жағдай Сартомар МТС-інде де
 кездеседі. Бұл машина- трактор станция-
 сының коллективі соңғы бір айдан аса
 мерзімнің ішінде комбайн жөндеудің гра-
 фигін бірде- бір рет орындап қарған емес.
 Оның үстіне комбайншылар өзінің маман-
 дығына қарай пайдаланылмай, басқа жұ-
 мыстар атқарады. Мұндай жағдайда маши-
 наларды егін орағына сапалы әзірлеу жө-
 нінде сөз де болуы мүмкін емес.

Егін орағына әзірлену ісінде Петропавл

ЖАҢАЛЫҚТЫ ҚОЛДАУШЫЛАР

Конвейер әдеттегідей баяу ғана жыл-
 жуда. Лента үстіндегі ерлер көйлегінің
 үлгілерін Фекла Полукеева өзіне төн
 ұқыптылықпен бірінен соң бірін алып
 тұр. Фекла «Комсомолка» тігін фабрика-
 сындағы жаңалық бастамаларды өз ісінде
 үнемі қолданып отыратын таңдаулы тігін-
 шілердің бірі.

...Дәл қазір оның бар ойы әрбір өндіріс-
 тік операцияны қайткен күнде жақсы
 орындауға аударылған. Машина иесінен
 күндер тез тілігін шығып жатыр. Полу-
 кееваның жанында қайшы, бор, түрлі үл-
 гілер дәстерленіп-ақ орналастырылған. Мү-
 ның барлығы оның өз жұмысындағы ақау-
 ға төзбейтіндігін, әрбір минутты өнімді
 пайдалану үшін қажырлықпен күресетін-
 дігін, машинаның қалтқысыз жұмыс
 істеуін үнемі бақылап отыратындығын

Айлық жоспар орындалды

«Союзсельхозавтотранс» тресіне қарасты
 автороталардың коллективтері тасымал
 жұмыстарының жылдық жоспарын мерзі-
 мінен бұрын орындау жолындағы ротаара-
 лық социалистік жарысты күннен-күнге
 өрістетуде.

Өткен айдағы жарыс қорытындысында
 тонна-километр жол жүру жоспарын 110
 —156 процентпен орындаған Мамлют,
 Преснов автороталарының коллективтері
 озып шыққан болатын. Жалпы трест бо-
 йынша жоспар 107,9 процент болып
 орындалды.

Петропавл авторотасы айлық жоспарды
 168 процент орындап, үздік шықты

дың жөндеу мастерскойларында ең қажет-
 ті қосымша бөлшектердің болмауы салда-
 рынан жөндеу жұмыстары мейлінше баяу
 жүргізілуде.

Тракторлар —егін жыйнауда шешуші
 күш. Сондықтан комбайндарды сүйрейтін
 тракторлардың осы бастан мұқият жөн-
 деуден өткізіліп, олардың өнімді жұмыс
 істеуін қамтамасыз ету қажет.

Мұндай жауапты міндеттерді бүгін таң-
 дағы талаптарға сай жүзеге асыру үшін
 жөндеуші механизаторлар арасында та-
 бысқа жетудің кілті—социалистік жарыс
 кеңінен өрістетілетін болсын. Олай болса,
 жергілікті партия ұйымдары МТС-тер мен
 совхоздардың барлық қызметкерлері ара-
 сында үгіт- бұқаралық жұмысты пәрмен-
 ді жүргізу арқылы егін жыйнау мен ас-
 тық дайындау науқанына әзірліктің мей-
 лінше күшті қарқынмен жүргізілуін
 қамтамасыз етуге міндетті.

Облыс ауыл шаруашылығының еңбек-
 шілері, комбайн паркі мен егін жыйнай-
 тын машиналарды кезінде және сапалы
 әзірлеу арқылы егін жыйнауды қысқа
 мерзімде аяқтап, мемлекетке астық тап-
 сыру жоспарының толық және асыра
 орындалуын қамтамасыз ету күресіне бар-
 лық күш- мүмкіншілікті жұмылдыратын
 болайық!

дәлелдейді. Сондықтан да таңдаулы тігін-
 ші ай сайын тапсырмасын екі есе арты-
 ғымен орындап отырады.

Соңғы кезде Полукеева жолдас фабрика-
 ның басқа да озаттары сыяқты жаңалық
 әдістерді өзінің жұмысында кеңінен қол-
 данып жүр. Жалғыз бұл емес, Раиса Чу-
 совитина, Татьяна Балагуева, Валентина
 Бровина жолдасар да еңбектің стаханов-
 тық үлгілерін көрсетуде.

Бұлар—№ 3 цехтағы Зинаида Грабаро-
 ва жолдас басқарған агрегаттың мүшелері.
 Агрегат коллективі қазір жартыжылдық
 жоспарды аяқтауға жуық. Олар үстімізде-
 гі айдың соңғы үш күні бойына екінші
 жартыжылдықтың есебіне жұмыс істемек.
 Солай болады да.

А. ҚАСЕНОВА.

Жүк тасу жоспарын асыра орындаған
 Шишканов, Алимов, Микош сыяқты шо-
 ферлар қажырлықпен жұмыс істеді.

Айлық жоспарды орындауға аталған ав-
 торотаның жөндеуші жұмысшылары да өз
 үлестерін қосуда. Мәселен, слесарь Дәуі-
 тов, токарь Павлов, электрші Чубанов
 және Лузин жолдасар жұмысты өнімді іс-
 теу нәтижесінде, өндірістік жоспарды екі-
 үш есе асыра орындауға жетісті.

Авторота коллективі жылдық жоспарды
 мерзімінен бұрын орындау жолындағы жа-
 рыста бұдан да жақсы нәтижелерге жету
 үшін күресуде.

М. БӨКЕТОВ.

...жолдасар жоғары көрсеткіш-
 ке жетісіп келеді. Мұндағы Савинков,
 Ахметов, Воронов сыяқты жолдасар —
 жөндеу жұмыстарына күш- мүмкіншілік-
 ті пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру
 жолындағы социалистік жарыстың озат-
 тары. Олар сменалық тапсырманы үнемі
 асыра орындайды.

Комбайншылар арасында үгіт- бұқаралық
 жұмыстары да қызу жүргізілуде.
 Үгітшілер Петров, Воропаева жолдасар
 күн сайын жаңа газеттер әкеліп оқып,
 жөндеуші комбайншыларды еліміздегі жа-
 налықтармен таныстырады, олардың күн-
 бе- күнгі жұмысының қорытындысын шы-
 тарып, оны көрсеткіш тақтасына жазады.

В. СКИБНИЙ,
 Преснов МТС директорының саяси
 жұмыс жөніндегі орынбасары.

Отан игілігі, халық мүддесі үшін!

Шын жүректен

Совет заемы бейбіт құрылыстарға, со-
 вет халқының әл-ауқаты мен мәдениетінің
 өсуіне көмектесетіндігін, оның Отанымыз-
 дың хауіпсіздігін нығайта беретіндігін
 жақсы білемін.

Мен айлық жұмыс нормамды үнемі 250
 проценттен орындап келемін. Бұдан былай-
 ғы жерде екі сменда бірдей жұмыс
 істеп, айлық нормамды 300 проценттен
 орындауға жаңадан міндеттеме алдым.

Жалғыз мен емес біздің № 3 цех-
 тың басқа жұмысшылары да өздеріне
 көтеріңкі міндеттемелер алып, социалистік
 жарысты кеңінен өрістетуде. Олардың бәрі
 біркөйдегі Мемлекеттік жаңа заемға
 үлкен ұйымшылдықпен жазылып, Комму-
 нистік партия мен Совет Үкметіне өздері-
 нің шексіз берілгендігін білдірді.

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің,
 бақыттың, шаттықтың, озат ғылым мен
 мәдениеттің Отаны болып отырған біздің
 Советтік Социалистік Республикалар Ода-
 ғының хауіпсіздігі нығайып, даңқы күн
 санап арта берсін.

А. МИЦУКОВ,
 Қаладағы С. М. Киров атындағы
 заводтың токарі.

Жаңа заемның табысы

Облыстық асханалар және ресторандар
 тресі қызметкерлерінің жаңа заемның
 шығарылуына арналған митингісі болып
 өтті. Митингіні партия ұйымының секре-
 тары Н. Назаров жолдас ашып, халық
 шаруашылығын өркендетуде заемның ма-
 нызы зор екендігін айтты. Ол сөзінде кол-
 лективті жаңа заемның шығарылуы құр-
 метіне июнь айының қалған күндері
 ішінде айлық жоспарды артығымен оры-
 ндауға шақырды.

Бұл күні трест коллективінің басқа 96
 бөлімшесінде де жаңа заемға жазылу зор
 өрлеумен өтті.

...мұнда жасалған жоспар қағаз жү-
 зінде қалып отыр. Мал қораларын
 салу, жөндеу жұмыстары осы уақытқа
 дейін қолға да алынған жоқ. Қой қора-
 сын салу өткен жылы басталған еді.
 Оның бйылы да аяқталатын түрі жоқ.
 Өйткені, оның материалдары жетіспеуіне
 талан- таражға түскен. Мұнда құрылыс
 жұмыстарын жүргізетін арнаулы бригада
 құруға толық мүмкіншілік бар. Мұндай
 тұрақты құрылыс бригадасын құрып,
 мал қораларын салу, жөндеу ісін тез жө-
 не сапалы жүргізуге, сөйтіп, қоғамдық
 мадды қысқы маусымда жайлы қоралар-
 мен қамтамасыз етуге колхоз председате-
 лі Бақанов жолдастың өзі ешқандай мән
 бермей отыр. Міне, осының салдарынан
 колхозда қоғамдық мадды жылы қоралар-
 мен қамтамасыз ету ісі төзгісіз жағдайда
 болып келеді.

...құрылыс жұмыстарына деп бөлінген
 қаржыны дұрыс пайдаланып, мал қорала-
 рын салуды және жөндеуді тыңғылықты
 жүргізуге колхоздардан талап етіп отыр-
 ған аудандық ауылшаруашылық бөлімі де
 жоқ. Міне, осындай себептермен құрылыс
 материалдары дайындалмай, мал қоралары
 салынбай, маңызды іс бетімен жіберілуде.

Құрылыс жұмыстарын бүкіл жаз бойы
 үздіксіз жүргізгенде ғана қоғамдық мадды
 жайлы қоралармен жергілікті қамтамасыз
 етуге болады. Олай болса, Булаев аудан-
 дық партия комитеті мен аудандық Совет
 атқомі жұмыстың бұл сыяқты маңызды
 участогіндегі кемшіліктерді тез түзетіп,
 мал қораларын салу, жөндеу ісінің қызу
 қолға алынып, оның табысты жүргізі-
 луін ұйымдастыра білулері керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
 БУЛАЕВО. (Өз тілшіміз).

КОЛХОЗШЫЛАР ҮНІ

Еліміздің халық шаруашылығын өркен-
 детудің Мемлекеттік жаңа заемның шы-
 ғарылуы туралы хабар, бүкіл облысымыз-
 дағы сыяқты, Ленин ауданында да пат-
 риоттық зор өрлеу туғызды. Колхоздарда,
 совхоздарда, МТС-терде өткен жыйналыс-
 тарда ауыл шаруашылығының қызметкер-
 лері заемды тарату ісіне белсене қатыса-
 тындықтарын, сонымен бірге, ауылшаруа-
 шылық жұмыстарын мерзімінде және
 жоғары сапалы аяқтау үшін барлық күш-
 жігерлерін аямайтындықтарын білдірді.

Заемға Образцовая МТС-нің механизатор-
 лары зор белсенділікпен жазылуда.
 Болып өткен митингіде механизаторлар
 партия мен үкметіміздің халықтың әл-ау-
 қатын үнемі көтере беру жөніндегі қам-
 қорлығына жауап ретінде ауылшаруа-
 шылық жұмыстарында машина күшін
 сарқа пайдалану туралы жаңа міндетте-
 мелер алды.

Мемлекеттік жаңа заемды «Бұлақ» кол-
 хозының колхозшылары да зор өрлеу үс-
 тінде қарсы алды. Колхозшылардың ой-
 дікірін білдіріп, қарт колхозшы Ж. Псин
 жолдас былай деді:

Заем облигацияларын қолма-қол сатып алды

Буденный атындағы ауылшаруашылық
 артелінің (Приешім ауданы) мүшелері
 Үкмет қаулысын қызу қолдап, халық
 шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік
 жаңа заемына тегіс жазылып, мыңдаған
 сомның облигацияларын қолма- қол са-
 тып алды.

—Колхозшы шаруалар, —деді жетпіс
 жастағы қарт колхозшы Г. Е. Белкин
 жолдас, —өздерінің аukatты және мәде-
 ниетті тұрмысы үшін туысқан Коммуни-
 стік партия мен Совет Үкметіне борышты
 евенін жақсы біледі. Сондықтан, біз елі-
 мізде коммунистік қоғам орнату күресіне
 қажырлы еңбегімізбен де, қаржымызбен

—Мен заемға жазыламын және жазылу
 сомасын қолма-қол төлеймін. Үкметіміз
 колхоз шаруашылығын нығайта беруге,
 колхозшылардың тұрмысын одан сайын
 мәдениетті, аukatты ете беруге үнемі қам-
 қорлық жасап келеді. Біз бұл қамқорлық-
 қа адал еңбек істеп, еңбек тәртібін ны-
 ғайтып, қоғамдық шаруашылығымызды
 нығайтуға атсалысумен жауап беруіміз
 керек.

Үстіміздегі жылға арналып шығарыл-
 ған жаңа заемды тарату ісіне «Искра»
 ауылшаруашылық артелінің мүшелері де
 белсене қатысуда.

—Жаңа заем, —деді аудандық Советтің
 депутаты, мал фермасында істейтін Коз-
 ленко жолдас митингіде, —совет адамдары
 тарапынан, бұрынғыдай, зор қолдау таба-
 ды да, тауып та отыр. Бұл советтік заем-
 ның көздейтін мақсатынан туатын жағ-
 дай. Біздің заем—халықтық заем, бейбіт-
 шілік заемы. Сондықтан да біз заемға
 белсенділікпен жазыламыз.

Колхозда заемға жазылу зор өрлеу үс-
 тінде өтуде. Көп колхозшылар жазылу со-
 масын қолма-қол төледі.

де қатысуды ең ардақты борышымыз деп
 есептейміз. Мен құрылыс бригадасында
 еңбек өнімділігін еселеп арттырамын, екі
 апталық табысымының мөлшері 350
 сомға жаңа заемның облигациясын қолма-
 қол сатып аламын.

Әрбір колхозшы жаңа заемға жазылуға
 патриоттық сезіммен қатысты. Ауданның
 басқа колхоздарының, әсіресе, «Талапкер»,
 «Семеновод», «Новая жизнь» колхоздары-
 ның колхозшылары ақпаларын қолма-қол
 беріп, жаңа заемның облигацияларын көп-
 тең алуда.

К. ӘДІЛОВ,
 Болголюбово селосы.

Құнарлы жемшөп қорын жасау жөнін-
 дегі ақтөбеліктердің үндеуі Чапаев атын-
 дағы колхоздың (Октябрь ауданы) пішен-
 шілері арасында жаңа еңбек өрлеуін ту-
 ғызды.

Әсіресе, машинистер шөп шабуға тама-
 ша табыстарға ие болуда. Мәселен, Ж.
 Бекішов жолдас кеңалымды шөп машина-
 сыммен күн сайын 20-22 гектар пішен
 шауып, норманы артығымен орындап жүр.
 Ол бұл көрсеткішке өзі жүргізетін шөп
 машинасын үнемі жоғары техникалық
 күтімде ұстап, оны күнбе-күн шөп шабу-
 ға толық қуатымен қосып отыруының
 арқасында жетісеулі.

Озат машинистер колхозда көптеп сана-
 лады. Калюжин, Қасымов, Оразбаев жол-
 дасар осындай машинистердің бірінен
 есептеледі.

М. МУСИН.

Бейбітшілік заемы

ССРО-ның халық шаруашылығын өр-
 кендетудің Мемлекеттік заемын (1953
 жылы шығарылған) шығару туралы ха-
 барды радио Октябрь ауданының барлық
 түпкірлеріне жеткізді. Қазір колхоз, сов-
 хоздардың фермаларында, бригадаларында
 заемды таратуға арналған митингілер зор
 өрлеумен өтіп жатыр. Бұл митингілер со-
 вет халқының мызғымас бірлігін, оның
 партия мен үкметіміздің саясатына шексіз
 берілгендігін тағы да салтанатпен көрсет-
 туде.

Митингіде Октябрь совхозының жұмыс-
 шысы Жұсыпов жолдас былай деді:

—Біз, совет адамдары, бейбітшілік ісін
 әрқашан қорғап келдік және қорғаймыз да.
 Өйткені, коммунизм орнату үшін бізге
 бейбітшілік, бейбіт еңбек керек. Біз бей-
 бітшіліктің берік қамалы —советтік Ота-
 нымыздың күш-қуатын нығайта беру үшін
 қолымыздан келгенін бәрін істейміз.

Жаңа заем — бейбітшілік заемы. Ол
 Волгада, Украинада салынып жатқан ком-
 мунизмнің ұлы құрылыстарын тез аяқтау-
 ға көмектеседі. Мен совхоздың барлық
 жұмысшыларын осы игілікті мақсатты
 көздейтін заемға біркөйдегі белсене жазы-
 луға шақырамын.

Ленин атындағы колхозда да жаңа заем-
 ды тарату ісі саяси зор өрлеу туғызды.
 Колхозшылар заемның шығарылуы тура-
 лы хабар тудырған еңбектегі белсенділік-
 ті пішен жыйнау жұмысын кең өрістетуге
 бағыттап отыр.

Болып өткен митингіде колхозшы Бай-
 багыров жолдас сөз сөйледі. Ол сөзінде
 барлық артел мүшелерінің пікірін айқын
 білдірді: заемға жазылып, жазылу сома-
 сын қолма-қол төлейтіндігін және қоғам-
 дық малға жемшөп қорын жасауда еңбек
 қарқынын күшейте түсу керектігін айт-
 ты.

Мұндай митингілер басқа жерлерде де
 зор өрлеу үстінде өтуде.

Шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі авантюрасының күйреуі

Соңғы күндері дүние жүзінің барлық елдеріндегі қалың жұртшылық шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі авантюрасы туралы және Оңтүстік Кореядағы Ли Сын Ман тобының арандату әрекеттері туралы хабарларды естіп абыржыды. Жер шарының әртүрлі континентіндегі бұл оқыйғалардың өзара байланысты екендігіне күмәндануға болмайды. Әңгіме бейбітшілік жауларының қылмысты әрекеттері туралы, бейбітшіліктен қорқатын, бейбітшілікті тілемейтін халықаралық шиеленістің бәсеңдеуіне жол бермеу үшін қолынан келгенінің бәрін істей отырған реакцияшыл топтардың әрекеттері туралы болып отыр.

АҚШ-тың, Англияның, Батыс Германияның және кейбір басқа елдердің реакцияшыл баспасөзі бұл күндері 17 июньде Берлинде болған оқыйғалардың шын мәнісін бұрмалау мақсатын көздейтін насихат науқанын кең өрістетті. Бұл баспасөз органдары қалың бұқараның болған оқыйғанын мәнін түсінуіне кедергі келтіру үшін, ал сонымен бірге Берлиндегі қылмысты авантюраның дем берушілері және ұйымдастырушылары болған күштердің арандату әрекетін жұртшылықтан жасыру үшін барлық күшін жұмсауда.

Фактілер мынаны көрсетеді: 17 июньде Берлинде болған арандату әрекетін өздерінің халыққа қарсы зұлымдық мүдделері үшін бейбітшілік ісін сәтсіздікке ұшыратуға, елдер арасында қарым-қатынасты шиеленістіруге, халықтар арасында араздық туғызуға тырысып отырған батыс мемлекеттердің реакцияшыл топтары мен олардың батысгермандық ірі монополистер ішіндегі сыбайластары мұқият әзірлеген.

Берлиннің демократиялық секторындағы арандату әрекеті герман мәселесін бейбітшіліктен шешуден қорқатындардың, герман халқының демократияшыл күштерінің орнығуынан қорқатындардың, Герман Демократиялық Республикасының табыстарын жекекөретіндердің ісі болып табылады.

Берлиннің батыс секторларында, көбінесе америка секторында жасырынған неміс халқына дұшпан күштер Герман Демократиялық Республикасына соққы беруге ұзақ уақыттан бері-ақ әзірленіп келген. Батысгермандық «Дер шпигель» журналының хабары бойынша, Аденауэрдің оң қолы болған және Берлиндегі арандату әрекеттеріне өзі басшылық еткен Бонн министрі Кайзер өткен жылғы марттың өзінде «бас жоспар әзір түр деп айтуға болады», ал белгіленген күн «кертартпалардың күткенінен анағұрлым тез

авантюрасының ертеден әзірленіп келгені және оны америка разведкасы Совет Одағы мен демократиялық лагердегі елдерге қарсы бұлдіру әрекетіне 1951 жылдың өзінде АҚШ конгресі босатқан көлемі жүз миллион доллар қордың есебінен қаржыландырып келгені кәзір мейлінше толық айқындалды. Осы ақшамен асыралып әзірленген батыс мемлекеттердің агенттері Берлиндегі осы фашистік бүліншілікті тудыруға тырысты.

Бұл арандату әрекетінің батыс мемлекеттердің зор күштер жұмсауының нәтижесі болғандығын тіпті ағылшын буржуазиялық баспасөзі де атап көрсетуде. «Міне бұл жағдайда,—деп жазады ағылшынның «Экономист» журналы,—біз, әрине, өзінше бір ең шеткі пунктке жетіп отырмыз, бұған жетуге Би Би Сидің, «Америка үнінің» және «Еркін Европа радиосының» насихаты көп жылдар бойы көмектесіп келді».

Мұндай мойындаулар ағылшын баспасөзінде ғана емес, сонымен бірге америка баспасөзінде де болып отыр. Мысалы, Юнайтед Пресс агенттігінің 18 июньдегі хабары бойынша, АҚШ конгресінің кейбір мүшелері Берлиндегі тәртіпсіздіктерді «АҚШ-тың насихатшылық күш жұмылдыруынан және мемлекеттік жасырын қорды астыртын пайдалануынан болды деген пікір білдірген». Берлиннің демократиялық секторындағы тәртіпсіздіктер, деп мәлімдеген сенатор Поттер, сол сыяқты кезінде шетелдік агенттер Чехословакияда жасаған авантюралар, «кездейсоқ іс болып табылмайды» және бұл әрекеттерге АҚШ-тың күш жұмылдыруы себепші болды.

Егер Берлиндегі авантюраға шетелдік дем берушілер болмаса, егер мұхиттың арғы жағындағы белгілі топтар тарапынан фашистік авантюристерге көп миллиондаған доллар берілмеген болса, бұл авантюраның өзі де болмаған болар еді, бұған күмән жоқ.

Осыған байланысты ойластырылған арандату әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін президент Эйзенхауэрдің АҚШ Батыс Берлинге 50 миллион доллар мөлшерінде қосымша көмек дейтінді береді деп 18 июньде жариялауды мүмкін деп тапқанына ерекше назар аударылып отыр. Бұл қаржы ресми түрде «Батыс Берлиннің экономикасын онан әрі нығайтуға» жұмсалмақ. Бірақ, Берлиндегі топтарда осы долларлық садақа Берлиндегі сәтсіздікке ұшыраған америка агенттерінің еңсесін көтеру әрекеті деп дәлелді негізбен қаралауда.

Берлиннің демократиялық секторында

Аденауэр тобы және оның қамқоршылары ГДР үкметінің бұл шараларынан өз саясатына, қандай құралмен болса да Германияның бірігуіне кедергі жасауға, Европада бейбітшілікті баянды ету ісіне кедергі жасауға бағытталған саясатына белгілі хауіп төнетіндігін көрді.

Шетелдік арандатушылар немістерді соғыс жолына итермелеп отыр. Германия олар үшін—жат жер, неміс халқы олар үшін—жат халық. Сондықтан да олар өздерінің қандайда болса арам ниеттерін жүргізу үшін, бұдан неміс халқына туатын зардаптармен есептеспей, немістерді пайдалануға тырысуда.

Герман халқының бақытына, Европадағы бейбітшілік ісінің бақытына шетелдік жалдамалылардың қылмысты әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Берлиндегі оқыйғалар Герман Демократиялық Республикасындағы демократиялық тәртіптің мызғымас берік екендігін, оның үкметін халықтың қалың бұқарасы қолдап отырғанын көрсетті. Арандатушылар Берлин халқының қандайда болса, едәуір бөлегін өз соңынан ерте алмады. Герман Демократиялық Республикасының халықтық күштері фашистік арандатушылар мен олардың шетелдік қожайындарына батыл тойтарыс берді.

17 июньдегі арандату әрекетінің сәтсіздікке ұшыраған ұйымдастырушылары енді Берлинде болған құрбандық жөнінде өкініп, көз жасын төгіп отыр. Бірақ бұл екіжүзділік өкініш адал адамдарды алдай алмайды. Егер қылмысты авантюраны астыртын ұйымдастырушылар болмаса, егер батыс секторларынан демократиялық секторға фашистік бүлікшілер мен арандатушылар бандалары жіберілмеген болса, онда Берлинде тәртіпсіздік болмаған болар еді, онда құрбандық болмаған болар еді, бұл кімге де болса айқын.

Шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі авантюрасының күйреуі бейбітшілік жауларының,—насихатшылардың өтіріктеріне сеніп келген көп адамдардың көзін ашты. Герман халқының қалың топтары авантюрист қаскүнемдердің қылмысты әрекеттерін маскаралап, лағнат айтуда. Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері өз үкметінің дұшпандық әрекеттерді құртуға бағытталған шараларын қолдауда. Олар халықтың тұрмыс дәрежесін батыл арттыру үшін, жеке өнеркәсіпті, жеке сауда мен ұсақ кәсіпшілікті өркендету үшін, ауыл шаруашылығын өркендету үшін республиканың үкметі жүзеге асырып жатқан шараларды мақұлдауда. Бұл шаралардың герман халқының алдында тұрған басты міндетті шешуді—Германияны бейбітшілік, демократиялық



Жақында армияға, авиацияға, флотқа көмектесу жөніндегі ерікті қоғамның облыстық комитеті мотоциклшілердің жарысын өткізді. Оған 19 адам қатысты. Жарысқа қатысушылар 50 километр жол жүрді.

Мотоциклшілер жарысында Г. Шепелев бірінші орынға, А. Сорокин жолдас екінші орынға ие болды. Бірінші және екінші орынға ие болғандар бірінші, екінші дәрежелі дипломдармен наградталды.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) — жарыста озып шыққан Г. Шепелев, Н. Мец, А. Сорокин және Х. Ахмадиев жолдастар.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа оқу жылына әзірлік ТОЛЫҚ ӘЗІР

Георгий Алексеевич Кóролев жолдас біраз уақыттан бері Дубровное жетіжылдық мектебінде директор болып істейді. Дубровное селосының еңбекшілері Г. Кóролевке үлкен сенім білдіріп, оны еңбекшілер депутаттарының Соколов аудандық Советінің депутаты етіп сайлады.

Кóролев жолдас қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ол қабырға газетінің шығуына көмектеседі, жұртшылық алдында лекциялар оқиды. Ол — лекторлар тобының жетекшісі.

Кóролев жолдас директор болып іс-

тейтін Дубровное жетіжылдық мектебі бұл күндері ағымдағы жөндеуден өтіп, жаңа оқу жылына әзір тұр. Мектеп жөндеушілер александровкалықтардың шақыруын табысты еңбек үстінде қарсы алып, мектепті жөндеу жұмысын белгілеген күннен бұрын бітірді.

Кәзір мұғалімдерге жаңа пәтер ұй салу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Ол жуықта аяқталмақ. Дубровное селосының еңбекшілері де бұл игілікті жұмысқа көмектесуде.

А. ПОПКОВ.

Қала мектептерінде

Қала мектептері Ленин ауданындағы Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің облыс еңбекшілеріне үндеуін қарсы алып, оған нақты іспен жауап беруде.

Бұл күндері қаланың бірқатар мектептерінде жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Олар 1 июльге дейін мектептерді жаңа оқу жылына әзір етпек.

Октябрь революциясы атындағы № 3 қыз балалар орта мектебінде күрделі жөндеу жұмысы аяқталып келеді. Мектеп

ті күрделі жөндеуден өткізу үшін мемлекет 65 мың сом қаржы босатқан. Кәзір мұндағы барлық кластарды ағарту, сырлау, есік, терезелерін қайта салу, шатырларды жабу жұмыстары толық аяқталды.

Мектеп 5 мың сомға көрнекі құрал, оқу, жазу аспаптарын сатып алды. Жоспар бойынша әкелінуге тиісті 20 тонна шеметр отын мен 26 тонна көмірдің бәрі де мектеп жанына тасылды.

Қ. БАЙБАТЫРОВА.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 июнь. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиесі 25 июньде мынаны хабарлады:

Өткен күні халық әскерлері Қымхва ауданында және Юртонның оңтүстік-шығысынан 2 километр жерде дұшпандық қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Кеше дұшпанның 60 самолеті Ненкван уезіндегі Ненчон ауданын айуандықпен бомбалауға ұшыратып, пулеметтерден оқ жаудырды.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 2 самолетін атып түсірді.

ИТАЛЬЯН ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ ҰҚПАЛЫНЫҢ КҮШЕЮІ

РИМ, 25 июнь. (СОТА). Демократияшыл газеттер көптеген итальян еңбекшілерінің коммунистік және социалистік партияларға көптеп кіруі туралы хабарлайды.

Неаполитан университетінің белгілі философия профессоры Франческо Альбергамо және осы қаланың екі жоғары оқу орнының әдебиет пәнінің профессорлары коммунистік партияның жергілікті ұйымына өтініш берген. «Конституция бойынша рұқсат етілген, — деп жазады олар, — бейбітшілік пен бостандық үшін күрес жылдарының ішінде өзіміз жақындасқан жұмысшы табы, өзін ғана азат ету үшін емес, сол сияқты, біздерді, интеллигенттерді де, империализм тарапынан қанауға ұшырап отырғандардың барлығын да азат етуге құлшынып отырғандықтан, біздің бағалы үлгі-өнеге көрсетуші ұстазымызға айналды».

«Унита» газеті Рим провинциясында соңғы үш күннің ішінде коммунистік партияға оларды алу туралы 300 азамат, 200-ден астам жастар — Италия коммунистік жастар федерациясына кіруге өтініш бергендігін хабарлайды.

«Аванти» газетінің хабарына қарағанда, Ареццо провинциясында 487 еңбекші өздерін партия қатарына алуды өтініп, социалистік партияның жергілікті ұйымына өтініш берген. Осы провинцияның 7 елді пунктінде мұнан бұрын болмаған социалистік партияның жаңа секциялары ұйымдастырылған.

АМЕРИКАН СОҒЫС БАЗАЛАРЫН САЛУҒА ҚАРСЫ

КОПЕНГАГЕН, 25 июнь. (СОТА). Дания жұртшылығы Данияда шетелдік соғыс базаларының салынуына қарсы және шетелдік қарулы күштердің Дания жерінде орналасуына қарсы батыл қарсы шығуда. Жұртшылықтың мұндай пікірімен социал-демократ партиясының басшылары да есептесуге мәжбүр болып отыр.

Сентябрьде болатын парламент саялауы даниялық социал-демократтарды бұлтақтауға мәжбүр егуде. Бір жағынан олар еңбекшілер алдында беделінен мүлдем айырылып қалмас үшін Дания жерінде шетелдік қарулы күштердің орналасуына қарсы шықса, екінші жағынан өздерінің Атлантика одағына берілгендігін көрсетуге жанталасулы.

Кәзір Копенгагенде өтіп жатқан социал-демократ партиясының съезінде осы партияның басшысы Ханс Хедтофттың сөйлеген сөзі даниялық социал-де-

туады» деп мақтанған.

Берлиндегі қылмысты авантюраны әзірлеу жөніндегі шараларды Англия мен Францияның оккупациялық өкмет орындары да білді деп есептеуге толық негіз бар.

17 июньде ұсталған тәртіпсіздікті бастаушылардың берген жауаптарынан көрініп отырғанындай, арандату әрекетін әзірлеу американдық әскери өкмет орындарының тікелей басшылығымен жүргізілген. Фашистік авантюристтердің тобыры Берлиннің американдық секторына жыйналған. Американдық офицерлері долларға жалданған бүліншілік жасаушыларды қаруландырып, нұсқау берген, өрт салатын және шабуыл жасайтын жерлерді оларға көрсеткен. Арандату әрекеті күні ұсталған осындай жалдамалылардың бірі, көптеген фашистік банданың құрамында бүліншілік ұйымдастыру үшін Берлиннің американдық секторынан демократиялық секторына жіберілген Вернер Кальковский жауап алуда былай деп көрсетті: «Біз үкмет үйлеріне шабуыл жасауға, өрт салуға, магазиндерді тонауға, халықтық полицейскийлердің берекесін кетіруге, жалпы алғанда қаруды да қолдана отырып өкмет орындарына қарсы қыймыл жасауға тапсырма алдық».

Берлиндегі арандату әрекетін ұйымдастырушылар қылмыстың ізін жасыруға тырысып, Берлинде 17 июньде болған тәртіпсіздіктерді «немістердің сезім білдіруі» деп көрсетуге әрекет етуде. Бірақ, осы мысалдардан мынаны сұрауға болар еді: тәртіпсіздіктер басталар кезде үйлерді өртеуге арналған бензині бар бұтылқалар тиелген американдық жүк машиналарының Берлиндегі совет секторының шек арасында болуының «немістердің сезіміне» қандай қатысы бар? Дәл осы жерге американдық радиосы бүліншілікке айдап салу мақсатымен әкелінген жоқ па? Американдық офицерлері Шығыс Берлинге сойқандық жасаған фашистік отрядтардың ортасында дәл осы мақсатпен болған жоқ па? Күн ілгері әзірленген және кәсіпорындарда тәртіпсіздікті оған әрі жасауға шақырған листовкаларды демократиялық сектордың үстіне американдық самолеттері тастаған жоқ па? Герман Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Отто Нункені ұрлауға американдық полициясы тікелей қатысқан жоқ па?

Берлиннің демократиялық секторында арандату әрекетін ұйымдастырушылардың қылмыстың ізін жасыра алмайды. Көзіңді өзінде дүние жүзінің жұртшылығына мәлім болған және 17 июньдегі оқығандарды зерттеудің барысында ашылып отырған фактілер бұл күні бейбітшіліктің жаулары герман астанасының көшелерінде герман халқының түбірлі мүдделеріне қарсы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне қарсы бағытталған ірі арандату әрекетін жасағандығын бұлтартпай айқын көрсетіп отыр.

Шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі

шетелдік мемлекеттердің арандату әрекетін дұрыс тәртіпсіздіктерді жеке бөліп қарауға болмайды. Шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі авантюрасының Оңтүстік Кореядағы Ли Сын Ман тобының арандату әрекетімен тікелей байланысы бар.

Фашистік астыртын әрекет жасаушылардың Берлиндегі авантюрасы мен Ли Сын Манның Кореядағы авантюрасының бейбітшілік күштердің саясаты нәтижесінде халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету белгілері көріне бастаған дәл осы кезде істелуі тегін емес.

Паньмыньчжоньдағы келіссөздердің нәтижесінде соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы келісімге қол қойылған болатын. Кореяда уақытша бітім жасалуы ең таяудағы күндердің өзінде шындыққа айналуы ықтимал еді. Бірақ Кореядағы соғыстың тоқтатылуы бейбітшілік дүшпандарына ұнамайды, өйткені олар соғысқа арқа сүйейді. Кореяда уақытша бітім жасау туралы келісімге қол қойылуына бөгет болу үшін, осы шектен шыққан элементтер қылмысты арандату әрекетін қолданды. 18 июньде қараған түнде Ли Сын Манның бұйрығы бойынша американдық командованиесінің бақылауындағы Масан да, Пусан да және соғыс тұтқындарының басқа лагерлерінде Корей Халық армиясының тұтқын жауынгерлері жаппай «босатыла» бастаған, бұлар бейтарап елдер комиссиясының қамқорлығына берілуге тиіс еді.

Бүкіл дүние жүзіндегі қалың жұртшылық топтары лисымандық топтың бұл арандату әрекетін Кореяда уақытша бітім туралы келісім жасауды сәтсіздікке ұшыратудың тікелей әрекеті деп бағалауда.

Берлиндегі және Оңтүстік Кореядағы арандату әрекеттерінің бір ғана мақсаты — бейбітшіліктің барған сайын өсіп отырған күштерінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетуіне кедергі жасау және сонымен бірге реакцияның күштеріне, соғыс күштеріне еркіндік беру мақсатын көздеп отырғанын түсіну қиын емес.

Шектен шыққан агрессияшыл топтар осы арандату әрекеттері үшін дәл көзіңді кезеңді тегін таңдап алып отырған жоқ.

Жалпыға мәлім, Герман Демократиялық Республикасының үкметі халықаралық шиеленістің бәсеңдеуін көздеп отырған бейбітшілік мемлекеттердің күш-жігерін қолдай отырып, соңғы уақытта бірқатар маңызды шаралар жүргізді, бұл шаралар Германияның шығыс және батыс бөліктерінің өзара жақындасуына көмектеседі. Мұнымен бірге Герман Демократиялық Республикасының үкметі республика халқының әл-ауқатын едәуір жақсартатын бірқатар қарарлар қабылдады. ГДР үкметінің бұл шараларын Германияның өзіндегі және одан тыс жерлердегі жұртшылық бөлшектелген Германияны біртұтас, демократиялық және бейбітшілік мемлекет етіп біріктіру үшін жалпы негіз жасау жолындағы зор қадам деп өділ бағалады.

Бейбітшілік ісін қымбат санайтындардың бәрі бұл оқығандардан қажетті қорытынды шығарады, қарағалықты тынбастан арттырып, реакцияшыл топтардың тіміскілеген әрекеттерін әшкерелейді, бейбітшілікті сақтау және баянды ету жолындағы күресті оған әрі күшейте береді.

(«Правданың» 23 июньдегі басмақаласынан).

негіздерде біріктіруді мәлімше жасаудағы тінін миллиондаған немістер түсініп отыр. Туған елінің бөлшектелуін жоюға ынтызар болып отырған герман халқы өзін жана апаттар мен бақытсыздықтың сұрапылына итермелеуге тырысатындардың соңынан ермейді. Ол бейбітшілік, демократия, бірлік жолымен алға басады.

«Партияның жағдайы және тікелей міндеттері туралы» 21 июньде қабылданған мәлімдемесінде Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық комитетінің пленумы Берлиндегі фашистік авантюраның шын дем берушілері мен айышкерлерін әшкерелеп, Герман Демократиялық Республикасында демократиялық тәртіпті оған әрі нығайтудың, республика еңбекшілерінің материалдық әл-ауқатын арттырудың нақты жолдарын белгіледі. Бұл мәлімдемеде саяси екі бағыттың: соғыс бастауға бағытталған Аденауэр тобының саясатының және Германияның Социалистік біртұтас партиясы мен ГДР үкметінің бейбітшілікті нығайтуға бағытталған саясатының түбірлі айырмашылығы атап көрсетілген. Мәлімдемеде былай делінген:

«Аденауэр, Олленхауэр, Кайзер және Рейтер соғысқа бағыт ұстап отыр. Сондықтан олар бізге соққылар жасауда. Сондықтан Батыс Германия фашизм мен реакцияның ошағына айналдырылуда.

Біздің партия мен біздің үкмет бейбітшілікті жақтап отыр. Сондықтан біз үлгілі бейбіт экономикаға бағыт ұстаймыз. Біздің жаңа бағытымыз барлық немістердің неміс жеріндегі соғыстық арандату әрекетінің қандайына болса да қарсы ең өткір құралы болып табылады».

Берлиндегі және Оңтүстік Кореядағы оқығандар бейбітшілік жауларының халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге кедергі жасау үшін, халықтардың ынтымағын нығайту ісін сәтсіздікке ұшырату үшін ең қатал құралдарды қолдануға дейін баратындығын көрсетеді. Сонымен бірге бұл оқығандар бейбітшілік жолындағы күресте халықтардың күштері артып, нығайып отырғанын, бейбітшілік жауларының тіміскілеген әрекеттеріне тойтарыс беріп жатқанын көрсетеді. Шетелдік жалдамалылардың Берлиндегі авантюрасы күйреді. Бейбітшілік күштердің топтасқандығы мен ұйымшылдығы, олардың бірлесіп қыймыл жасауы Ли Сын Манның тобы мен оның қамқоршыларының арандату әрекеті де толық күйрейтіндігінің кепілі болып табылады.

Бейбітшілік ісін қымбат санайтындардың бәрі бұл оқығандардан қажетті қорытынды шығарады, қарағалықты тынбастан арттырып, реакцияшыл топтардың тіміскілеген әрекеттерін әшкерелейді, бейбітшілікті сақтау және баянды ету жолындағы күресті оған әрі күшейте береді.

Александровкалықтардың бастамасы бойынша

Преснов ауданының бірқатар ауыл-селолық Советтері мен мектептері Александровкалықтардың шақыруын қызу қарсы алып, мектептерді жөндеушілер арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Маселен, Киров атындағы колхоздың колхозшылары мектепке жаңадан екі бөлме қосуды, сол сыяқты, «Организованный труд» колхозының колхозшылары үш бөлме қосуды өздері-

нің міндеттеріне алып, көзір құрылыс жұмысына қызу кірісті. Бұл жұмыстарды олар 25 июльге дейін аяқтауға ұйғарды.

Майбалық ауылдық Советі мұғалімдерге жаңадан 2 пәтер үй, ал, Благовещенка селолық Советі төрт бөлмелі пәтер үй салып берді.

М. ӘКІМЖАНОВ.

ДАЛАЛАР МЕН ОРМАН АҒАШТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

Петропавл қаласы № 3 23 май 1953 жыл.

Солтүстік Қазақстан облысына қарасты далалар мен ормандарды алдынала өрт шығудан сақтау мақсатымен еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің атқомі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Еңбекшілер депутаттарының аудандық, селолық Советтері мен колхоз председателдері және МТС, совхоз, көмекші шаруашылық пен орман шаруашылықтарының директорлары мыналарға міндеттелсін:

а) шөп шабу, науқаны басталған күннен егін жыйнау жұмысы аяқталғанға дейін шабындық жерлер мен дөңді дақылдар егісіне тәуліктік күзет тағайындалып, оларды күзетшілермен не жоғарыдан байқайтын вышкалардан бақылау қамтамасыз етілсін;

б) темір жолдар мен жай жолдарға жақын шабындық жерлер мен егін алаңдарын, сол сыяқты, дайын жемшөпті, астық бастыратын қырман, жағар және жанар майлар сақталатын алаңдарды, тракторлар мен автомашина тоқтайтын және тамақ даярлайтын жерлердің маңы кендігі 3 метрге дейін жыртылатын болсын;

в) шөп шабу және егін жыйнау кезінде бұл жұмыстар жүргізілетін учасоктерде от жағу, егін орны мен сабан өртеуге тыйым салынсын. Асхана мен тамақ даярлайтын жерлер өртке қарсы ережелер бойынша дұрыс орналастырылып, олардың маңайы ең кем дегенде 100 метр жерге дейін үйілген шөптен, бастырылмаған егіннен, қырдандар мен жағар майлардың сақталатын жерінен алыс болып, маңайы міндетті түрде жыртылатын болсын;

г) астық бастыратын қырдандар құрылыстардан 150 метрдей қашықтықта, қыртысы тазаланған алаңдарға орналастырылып, оның маңайы кемінде 5 метр кендікте жыртылатын болсын.

2. Совхоздардың, машина-трактор станцияларының, көмекші және орман шаруашылықтарының директорлары мыналарға міндеттелсін:

а) от алғыш және карбюратор системасы дұрыс тазаланған, ұшқын сөндіргіш, өрт сөндіруге қажетті аспаптары жоқ тракторлар мен комбайндарды егін жыйнау жұмыстарына пайдалануға жол берілмесін;

б) тракторлар мен комбайндарға май жүретін трубкалардың ашық түрінде және моторы жүріп тұрғанда жағар майларын құюға тыйым салынсын;

в) шөп және бастырылған егін үйілген жерлерде темекі тартуға тыйым салынсын. Темекі тарту үшін маңайы жыртылған арнаулы жер бөлініп, ол суы бар бочкалармен қамтамасыз етілсін;

г) тракторларға, комбайндар мен автомашиналарға түнгі уақытта тек электр жарығымен, не тракторлардың, комбайндар мен автомашиналардың жарығымен немесе хауіпсіз шамдармен ғана май құю жұмыстары жүргізілетін болсын;

д) дала бригадалары мен модениет қостарын шөп шабу және егін орағы кездерінде суы бар тасымалданатын бочкалармен, өрт сөндіргіштермен, күректермен, сол сыяқты далаларда кенеттен өрт шығып, кеткен жағдайда пайдалану үшін дұрыс жөнделген плугтермен қамтамасыз етілетін болсын;

3. Колхоздардың председателдеріне, МТС-тердің, совхоздардың және көмекші шаруашылықтардың директорларына жазғы ауылшаруашылық жұмыстары кезінде өрт сөндіруге қарсы шараларды жүргізу жауапкершілігі жүктелсін.

4. Бригадалардан егін жыйнау жұмыстарына шығар алдында өрттен сақтау ережелерін бақылайтын жауапты адам бөлінетін болсын.

5. Осы қарарды бұзушыларға 100 сомға дейін айып салынады немесе олар бір айға дейін еңбек түзеу жұмыстарына жіберіледі.

6. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтеріне, милиция органдарына және Ішкі істер министрлігінің өрттен қорғау инспекциясына жүктелсін.

7. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан соң 15 күннен кейін күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысының жерінде 2 жыл бойына күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары Е. ЦИМБАЛ.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің секретары И. ЗАЙТОВ.

мократтардың шешесі құрған анықтамалық дай.

«Біздің өзіміздің позициямызды анықтауға уақыт жетті.— дейді Хедтофт.— Барлық жағдайларды есептей келгенде, социал-демократ партиясының позициясы төмендегідей болуға тиіс: бейбітшілік уақытта одақтас әуе-соғыс күштерін әрдайым орналастыру туралы ұсынысқа біз алғыс білдіреміз, бірақ, көзіргі жағдайда бұл ұсынысты қабылдай алмайтындығымызды хабарлаймыз»

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«ЫСТЫҚ ЖҮРЕК»

Сеанстар сағат 7-9-11-де басталады.

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВОЗТОРҒАЙЛАР САЙРАЙДЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-де басталады.

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі атқомінің ауылшаруашылық бөлімі қалалық Совет атқомінің 1953 жылғы 15 апрельдегі № 199 қарарына сәйкес өзбетімен мал жаюға және «Труд» артелінің рұқсатынсыз табындар ұйымдастыруға болмайтындығын, мұнымен бірге, мал жайылымдары қаланың территориясына сәйкес артель арқылы ұйымдастырылатындығын мал ұстайтын азаматтардың есіне салады.

Киров атындағы мүгедектер артелінің басқармасы мектеп директорларынан, ұйымдар мен мекемелердің басшыларынан және қаланың жеке адамдарынан фотосъемкалар мен фотопайльондар жасау үшін зақаздар қабылдайды.

Адрес: Коммунист көшесі, 73-үй, станция базары мен қалалық парк. Сол сыяқты, үйге шақырып та заказ беруге болады.

Осы артельге тұрақты және уақытша жұмыстарға ағаш шеберлері және басқа жұмысшылар КЕРЕК!

Адрес: Киров көшесі, 73-үй.

Автомашиналар станциясына тұрақты жұмысқа жағар және жанар май құюшылар КЕРЕК.

Жұмыс жонінде қызмет уақытында ОБЛАВТОТЭН-ке (элеватор мүйісі) келіп жолығу керек.

Петропавл қаласы, Совет көшесі, 83-үйде тұрушы Нина Андреевна Бойко Валентин Прохорович Бойкодан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.